

"Cable and Wireless" фирмасымен жұмыс істеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 23 мамыр 1994 ж. N 210-ө

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен "Cable and Wireless" фирмасы арасындағы 1994 жылғы 21 наурыздағы Меморандумның қағидаларын жүзеге асыру мақсатында

1. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігіне:

- Қазақстан телекоммуникацияларын жекешелендірудің техникалық-экономикалық негіздемесін /ТЭН/ әзірлеу жөнінде "Cable and Wireless" фирмасы өкілдерімен бірлесіп жұмыс істеуі үшін оперативтік топ құру:

- техникалық-экономикалық негіздемені /ТЭН/ әзірлеу барысында шетел

инвестициясын тарта отырып, Қазақстан телекоммуникация жүйесін модерлендіру мен кеңейту мәселелерін көздеу:

- техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушілерді Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігінде қазірде бар контракттылық міндеттемелерді ескере отырып, қолдағы тораптардың жағдайы мен оларды дамыту жоспары туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету тапсырылсын.

2. Осы өкімнің 1-тармағында көрсетілген техникалық-экономикалық негіздемені "Cable and Wireless" фирмасы өз қаражаты есебінен 1994 жылдың 15-тамызына дейінгі мерзімде әзірлейтіні және бұл ретте ТЭН-нің:

- қазіргі бар желілердің бағалануын;
- басымдықпен дамытылатын желілер мен жаңа қызмет тізімін;
- мұнай мен газ өндіретін аймақтардағы желілерді дамытуға

ұсыныстарды;

- жергілікті телекоммуникация желілерін;
- селолық телекоммуникация желілерін;
- модерлендіру кезеңдік жоспарларын /жылдық кезеңді қоса/;
- тарифтер бойынша ұсыныстарды;
- стандарттарға қатысты ұсыныстарды;
- қаржыландыру жоспары;
- акционерлендіру және қарыз жөнінен қаржыландыру бойынша

ұсыныстарды;

- сапаны жақсарту бағдарламасын;
- нөмірлеу жоспарын;
- құрылымды қайта құруды;
- жұмыспен қамту және мамандар даярлау саясатын;

- жергілікті өндіріс пен ішкі инвестициялау бойынша ұсыныстарды қамтитыны еске алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу жұмысын аяқтағаннан кейін Республика телекоммуникацияларын шетел инвестициясын тарта отырып, оның ішінде осы мақсат үшін халықаралық консорциум құру арқылы модерлендіру мен дамытудың негізгі бағыттары бойынша қажетті ұсыныстар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК